

6D030300 -«Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін ізденуге «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты Мурашбеков Олжас Бериковичтің диссертациялық жұмысына ұсынылған отандық ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Заман ағымына сай жоғары технологиялар адамның күнделікті өміріне араласып, оның жұмыс құралы, ақпарат көзі, көмекшісі мен серігіне айналды. Оған қоса, компьютерлік техника және онымен өңделінетін сандық ақпаратсыз адамның қазіргі қалыптағы өмірін елестету қиын. Алайда, компьютерлік техниканың дамуымен қатар, оның көмегімен қылмыс жасаудың жаңа тәсілдері ойлап табылды. Қылмыстылық пен оларды жасау әдіс-тәсілдерінің түрлері компьютерлік техниканың пайда болуымен және кеңінен қолданылуымен жаңара түсті. Компьютерлік техниканың және онымен өңделінетін ақпараттың араласуымен жасалған қылмыстар санының өсуі құқық қорғау органдарының алдында бірқатар мәселелерді шешуді талап етті. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қылмысты ашу, тергеу қызметінің жаңа бағыттарына көшуге мәжбүр етті. Сонымен қатар, компьютерлік техниканың бүкіл әлем бойынша қарқынды дамуымен компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардың трансұлттық сипатқа ие болғаны барлық мемлекеттердің, соның ішінде ҚР құқық қорғау органдарының жаңа қылмыстың түріне қарсы іс-қимыл жүргізу өзекті мәселелердің біріне айналды.

Қазақстан Республикасында компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға қарсы іс-қимылды жетілдіру мақсатында Қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізіліп, 2016 жылға дейінгі Ақпараттық қауіпсіздік концепциясы қабылданды.

Пікір беріліп отырған О.Б.Мурашбековтың диссертациялық жұмысы компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды тергеу мәселелеріне арналған. Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының аумағында орын алған компьютерлік қылмыстардың мысалдары келтірілген.

Компьютерлік қылмыстардың ғылыми тұрғыдан анықтамасы беріліп, аталған қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодекстің 7 тараумен қарастырылған барлық баптардың санкцияларын ұзарту жолымен қатаңдату жолдарын ұсынған. Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар, оларды орындаушы тұлғалардың криминалистикалық элементтерінің сипаттамалары берілген. Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерінің ерекшеліктері мен жүргізу тактикасы берілген. Автордың диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы ҚК-тің 205 бабының материалды құрамын формальды құрамға өзгерту ұсынысы қылмыстық және қылмыстық-процестік құқық ғылымы тұрғысынан негізделген тұжырымдар бере білген.

Автор компьютерлік қылмыстарды анықтау, ашу, тергеумен байланысты мәселелерді шешу жолдарының ғылыми тұрғыда негіздей білген.

Диссертацияда берілген ұсыныстар мен тұжырымдар қылмыстық-процестік заңнаманы және компьютерлік қылмыстарды ашу мен тергеу бойынша құқық қорғау органдары қызметін одан әрі жетілдіру үшін септігін тигізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағындағы қылмыстық жағдайына және компьютерлік қылмыстардың ашылу деңгейінің төмен көрсеткіштерінің орын алуына байланысты пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыста берілген тұжырымдар мен ұсыныстар өзекті бола бермек.

Диссертация бD030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына сәйкес келеді және диссертациялық жұмыспен алынған ғылыми нәтижелер «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығының (ҚР БЖҒМ 2012 ж. 18 мамырдағы №226 және 2013 ж. 30 мамырдағы №214 бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар қоса алғанда) талаптарына жауап береді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 10 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде бір мақала халықаралық ғылыми жарияланымдағы нольдік емес импакт-факторына ие Scopus компаниясының мәліметтер базасына кіретін «ARRAY Development (Canada) Inc. JIBC publisher - Journal of Internet Banking and Commerce» - журналында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылыми саласын бақылау комитеті ұсынған жарияланымдардағы 3 мақала; Халықаралық конференциялардың материалдарындағы 4 мақала; Шетелдік халықаралық конференциялардың материалдарындағы 2 мақала жарық көрді.

Ізденуші О.Б.Мурашбековтың (PhD) докторы дәрежесін ізденуге «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» диссертациясы «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығының талаптарына жауап береді, ал оның авторы Мурашбеков Олжас Берикович ашық түрде қорғау шығуға және бD030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін алуға лайықты.

Отандық ғылыми кеңесші:


Қазақстан Республикасы ІІМ

Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру

кафедрасының бастығы

З.Ғ.К., полиция полковнигі



А.Қ.Қалиев

Handwritten signature